

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OYCL5542>

***Д. Ж. Оспанова¹, М. Бақытқызы²,
Ж. Бахытбекқызы³, Ш. Тұрсын⁴**

^{1,3}Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»

ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

²Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

⁴М. Әуезов атындағы

Оңтүстік Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8901-8060>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7654-4959>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5685-5353>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5894-3146>

*e-mail: dana.zhanabekkyzy@gmail.com

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ КІШІ КОРПУСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫС СИПАТЫ МЕН ЛИНГВОЭКОЛОГИЯСЫ

Мақалада мерзімі жағынан соңғы бес жылдағы ауызекі тілдегі қазақ тілінің қолданыс сипаты талданған. Тілдің даму динамикасы көрінетін, тілдегі мәселелерді айқын анықтауға мүмкіндік беретін материал – ауызекі сөйлеу тілі. Соған орай мақалада кейінгі кезде қарқынды түрде таралып жатқан подкасттар, радио, шоу бағдарламалар тілі негізгі нысанға алынды. Мақсат – Qazcorporata.kz корпусының ауызекі сөйлеу тілі материалдары негізінде қазіргі қазақ тілінің қолданылуын, лингвоэкологиялық мәселелерін ашып көрсету. Зерттеу нәтижесінде қазақ тілінің емле ережелерінің, стильдік, грамматикалық т.б. нормаларының сақталуы жайы, негізгі қателіктер анықталды. Соның негізінде ауызекі сөйлеу тіліндегі жайттар қарастырылып, сөздердің орфографиялық, орфоэпиялық және стенограммалар негізіндегі қолданылу нұсқалары көрсетілді. Мақалада корпустық әдістер: статистикалық амал-

тәсілдер, техникалық іздеу-бақылау тәсілдері, сондай-ақ салыстыру, лингвистикалық талдау, сипаттау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысының талдауы мен бақылауы негізгі көрсеткіштер кесте түрінде ұсынылып, нәтижелер сызбалар арқылы көрсетілді. Сонымен қатар ауызекі тілдегі жаңа сөздер мен сленгтердің қолданылу жиілігі, кірме сөздердің көрінісі, күнделікті сөйлеу тіліне тән фразеологиялық құрылымдар мен бейвербалды элементтердің ерекшеліктері де қарастырылды. Мақалада қозғалған мәселеге қатысты болжамдар мен ұсыныстар берілді. Корпус материалдарын қолдану тиімділігі, корпусдық әдіс-тәсілдер көрініс тапты. Сондай-ақ ауызекі тілдің мәдени, әлеуметтік, аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілін жетілдіру бағытында лингвистикалық ұсыныстар ұсынылды.

Кілтті сөздер: корпусдық лингвистика, ауызекі тіл, ауызекі корпус, лингвоэкология, кірме сөздер, сленг.

Кіріспе

XXI ғасырдағы жаһандану кезеңіндегі ғылыми-технологиялық даму үдерістері ғылымға пәнаралық, салааралық жаңалықтарды ала келді. Соның ішінде осы кезеңдегі корпусдық революция да бар. Компьютерлік және ғылыми технологияның дамуы корпусарға кең ауқымды пайдаланушылардың қол жеткізуіне мүмкіндік берді. В. А. Плунгянның айтуынша, «романтикалық көзқарастағы адамдар тіпті лингвистикада корпус революциясы болды деп айтуы да мүмкін» [1, 18-б.]. Қазіргі қоғамда тілдің даму динамикасы мен қолданылу сипатын талдау маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ауызекі тілдің ерекшеліктері арқылы қоғамдағы тілдік үдерістердің қарқынын, заманауи лексиканың өзгеруін, тілдік нормалардың сақталуын және тілдің экологиялық мәселелерін анықтауға болады. Соңғы жылдары тілдік зерттеулерде корпусдық әдістерді пайдалану жиілеп, жаңа материалдарды жинау мен оларды жүйелі талдау арқылы тілдің қолданыс ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік артып келеді.

Мақалада қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тілі корпусы негізінде тілдің қолданылу сипаты мен лингвоэкологиясы қарастырылды. Мақалада подкасттар, радио және шоу бағдарламалары сияқты қазіргі кезеңнің кең таралған ауызекі сөйлеу материалдары зерттеу нысаны ретінде алынған. Негізгі мақсат – Qazsopnоg.kz корпусының материалдарына сүйене отырып, қазіргі қазақ тілінің ауызекі сөйлеу ортасындағы қолданылуын сипаттау және лингвоэкологиялық мәселелерін анықтау.

Ауызекі ішкорпусты зерттеу нысаны ретінде таңдаудың бірнеше маңызды себебі бар. *Біріншіден*, ауызекі сөйлеу тілі – қоғамдағы тілдік қарым-қатынастың ең кең таралған және динамикалық түрі, сондықтан

ол қазақ тілінің нақты қолданысын көрсетеді [2, 79-б.]. *Екіншіден*, ауызекі сөйлеу тілі материалдарын талдау арқылы лингвоэкология мәселелерін, яғни тілдік нормалардың сақталмауы, шеттілдік ықпал, сленгтер мен жаргондардың таралуын бағалауға болады. *Үшіншіден*, подкасттар, радио және шоу бағдарламалары тілдің динамикасы мен өзгерістерін дәлме-дәл бейнелейтін заманауи ақпарат көздері болып табылады [3]. Мұндай материалдар тілдің жанды, бейресми сипатын көрсетеді, сондай-ақ қоғамдағы коммуникацияның жаңа тенденциялары мен сөйлеу үлгілерін айқындауға мүмкіндік береді [4, 396-б.]. Сондықтан қазақ тілінің қолданыс сипаты мен лингвоэкологиясын жан-жақты зерттеу үшін ауызекі ішкорпусты таңдау өзекті әрі тиімді жол болып табылады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысының негізгі материалы – Qazqorpota.kz Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусының «Ауызекі сөйлеу тілі корпусындағы» 197 құжат, 1 миллионға жуық сөзқолданыстан құралған материал қарастырылды. Соның ішінде «Нартай Аралбайұлы», «Ашық алаң», «Уақыт көрсетеді» және т.б. бағдарламалардың стенограммалары алынып, сондағы тілдік өзгерістер қарастырылды. Бұл зерттеу үшін негізгі дереккөз ретінде тіл корпусына негізделген материалдар пайдаланылды. Ауызекі тілдің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін зерттеу мақсатында бағдарлама мәтіндері іріктеліп алынды. Осы материалдар ауызекі тілдің нақты қолданыстағы ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік берді.

Мақалада корпуслық лингвистикадағы статистикалық және техникалық әдістер, лингвистикалық талдау және сипаттау тәсілдері қолданылып, зерттеу нәтижелері кесте мен сызбалар арқылы ұсынылды. Атап айтқанда, дәстүрлі әдістермен қатар корпуслық әдістер қолданылды. Тілдік деректердің жиілігі мен таралуын анықтау үшін статистикалық талдау жүргізілді, бұл ауызекі тілдің грамматикалық құрылымдарын, фразеологиясын және лексикалық қолданысын сандық түрде сипаттауға мүмкіндік берді. Сөз тіркестері мен синтаксистік құрылымдарды автоматты түрде анықтау үшін корпус өңдеу құралдары пайдаланылды, бұл ірі деректерді жылдам және дәл талдауға жағдай жасады.

Нәтижелер және талқылау

Шетелдік ғалымдар зерттеуінде ауызекі корпустардағы эмпатияны аннотациялау және модельдеу мәселелерін қарастырады [5]. Олар ауызекі тілдегі сезім мен эмоцияларды түсінуге бағытталған модельдер жасау мақсатында арнайы ауызша корпус әзірлеген. Ауызекі корпус үлгілерінде сөйлеушілердің сөздеріндегі интонация, эмоционалдық тон және жауап беру ерекшеліктері ескеріліп, аннотациялау арқылы құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері зерттеледі. Осылайша, зерттеушілер ауызекі тілдің күрделі

аспектілерін сипаттап, компьютерлік модельдер арқылы эмпатияны тануға мүмкіндік береді [6]. Бұл зерттеу ауызекі тіл корпусының тағы бір бағыттағы пайдасының көрінісі деуге болады.

Ауызекі сөйлеу тілінің корпустары тіл білімінде маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Қазақстанда қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тілін қамтитын корпустар әзірленуде. Мысалы, Qazcorpora.kz сайтында қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпустарының бірі ретінде ауызекі сөйлеу тілі кіші корпусы ұсынылған [3]. Бұл корпус материалдары қазақ тілінің ауызекі сөйлеу үлгілерін жинақтап, зерттеушілерге тілдің қолданылу ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар KSC2 Қазақ сөйлеу корпусында қазақ сөйлеу корпусы мен қазақ мәтінін сөйлеуге түрлендіру жобасы, сондай-ақ телебағдарламалар, радио, журналдар мен подкасттардан алынған қосымша деректер бар [7, 1369-б.].

Шетелдік тәжірибеге келетін болсақ, көптеген тілдерде ауызекі сөйлеу тілінің корпустары жасалған. Британдық ұлттық корпус (British National Corpus) ағылшын тілінің жазбаша және ауызекі мәтіндерін қамтиды. METU университетіндегі DISCORE тобының зерттеулері ауызекі тіл корпусын талдаумен тығыз байланысты. Бұл топ ауызекі тілде қолданылатын сөз тіркестері, сөйлеу мәнері, интонация, және тілдік құрылымдарды зерттеп, оларды қоғамдағы түрлі әлеуметтік және мәдени контекстерде қарастырады [8, 68-б.]. DISCORE тобының **дискурс-талдау** және **корпус-лингвистика** әдістерін қолдануында маңызды рөл атқарады. Бұл топтың зерттеулері мәдени және тілдік әртүрлілік контексіндегі ауызекі сөйлеудің қалай көрінетініне терең түсінік береді, бұл көптілділік пен коммуникация салаларына үлкен үлес қосады.

Ауызекі сөйлеу тіліндегі тілдік нормаларды сақтау және дамыту мақсатында бірқатар ұсыныстар жасалды. БАҚ-та тілдік нормаларды сақтау, білім беру саласында тіл мәдениетін нығайту және көпшілікке арналған тілдік экологияға бағытталған бағдарламаларды іске асыру маңызды [9, 26-б.]. Қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тіліндегі қазіргі қолданыс сипаты тілдің даму үрдістерін, лингвоэкологиялық мәселелерін және әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы тілдік айырмашылықтарды көрсете аламыз.

Өлемдік тіл білімі тәжірибесінде де ауызша тілдің корпустарының көлемі жазба тілмен салыстырғанда айтарлықтай аз [10, 96-б.]. Бұл мәселе тек қазақ тілінде ғана емес, басқа да тілдерде байқалады [11]. Отандық А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының qazcorpus.kz жобасы аясында әзірленген ауызекі тіл ішкорпусының өз ерекшеліктері бар. Әрбір интонеманың сөйлемнің басында көтеріңкі, ал аяғына қарай бәсең интонемамен айтылатындығы арнайы белгілермен берілген [2]. Осылайша, отандық және шетелдік тіл корпустарында ауызекі сөйлеу тіліне арналған

материалдар кеңінен қолжетімді, бұл тілдің қолданылу ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретінін байқаймыз.

Ауызекі тіл корпусын әзірлеу қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын және сөйлеу қолданысының этностық ерекшеліктерін терең зерттеуге жағдай жасайды десек, қазіргі Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусы жобасындағы ауызекі сөйлеу тілі кіші корпусындағы материалдарды метабелгіленімдеу, деректерді жинау барысында қазақ тілінің қолданыс сипатын көреміз. Мысалы:

[Нартай Аралбайұлы]

/Вот/ енді нақты қаңтардың кезінде маған ешкім ештеңке деген жоқ

/Черным по белом/ *дейді го. *

Бір /по душам/ *дидіго* орысша айтқан кезде.

[Теледәрігер]

Осы тақауда /уже/ 1 жыл болып қалды.

Яғни, ортан жіліктің басы /чуть-чуть/ қана || дизонтрацияға ауысты.

Шұңқырдың /крышалары/ жақсы орнына келіп тұр.

Аталар /до и после/, яғни дейінгі кейінгі нәтижелер қалай?

Құлап қалса, /даже/ ата-аналары сүлгімен тартып қалса, аяқ-қолдары сынып кетіп жатады.

Байқаусызда отырып қалған кезде || кеуде омыртқасының үшінші-төртінші омыртқалары компрессон /перелом/ болған.

/Витаминнің/ /просто/ алып бере салу /тоже/ болмайды.

[Ашық алаң]

Біздікі енді || мынау қазақта өзі бір /принцип/ бар екен.

Төрт баласы бар /детдомның/ әйелі бар, барар жер, басар тауы жоқ.

Бұл жерде || азаматтық || кодекстың /настолько/ біздің кешірім сұраймын, қоғамға ауытқысы, ол сәбидің бірінші айқайымен қарияның соңғы деміне дейін жалғастырады.

Сондықтан да күнделікті /тем более/ қазір бізде заманауи құбылыстар күнде-күнде келіп жатқаннан кейін технология, үрдіс, өзгеріс, ойындар.

Кәдімгідей /мошенниктер/ олар./Да/, ондайларда бар

Мемлекеттік компания болуға тиіс /наверное/[3].

Бұл мысалдарда ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін сөздердің стандартты нұсқалары және олардың нақты дереккөздері көрсетілген. Соңғы бес жылдағы қазақтілді аудиторияда сөйлеу тілінің әлі де болса бір қалыпқа келмегендігін, ауызекі тілдегі динамикадан көреміз. Талдау нәтижесінде қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде кейде тұрмыстық лексиканың, кейде терминдердің орысша нұсқасын қолдану әлі де болса тіл экологиясына кері әсер етіп тұрғаны байқалады.

Бұл мәтіндегі сөздерді орысша және қазақша деп бөліп, орысша сөздердің пайыздық мөлшерін анықтайық. Тек осы мысалдарды талдайтын болсақ, мәтіннен орысша сөздер төмендегідей анықталды: *вот, черным по белом, по душам, уже, чуть-чуть, крышлары, до и после, даже, перелом, витаминнің, просто, тоже, принцип, детдомның, настолько, тем более, мошенниктер, да, наверное*. Жалпы сөз саны: 125 сөз. Орысша сөз саны: 19 сөз. Мәтіндегі сөздердің шамамен 15.2 %-ы орыс тілінен алынған.

Қазақ тілі ұлттық корпусы бес кіші корпусында іздеу нәтижесінде ауызекі тілдегі қате қолданыстар сол күйі беріліп, олар төменде көрсетілгендей, өзге тілді қолданыстар INC белгісімен, ал қазақ тіліндегі нормадан тыс қолданыстар (көбінесе орфоэпиялық, ауызекі тілге тән) сары түспен * белгілерімен белгіленген. Бұл мәтін ішінде ауызекі қолданысқа тән ерекшеліктерді корпус базасындағы мәтіндерде айшықтай көрсетеді (1-сурет).

1. Орынай ЖҮБАЕВА. Шамшырақ
Құмары ердің табылды, Табылмаса **неғылды?**
2. Халық кедей | Қазақстандағы автокөлік құрастырушылардың былығы ашылды | Утильсбордың артында кім тұр?
Енді 12 июньде, маусымда 2014 жылы Бурабай- Қостанай /телемостында, **INC** оны Президент Нұрсұлтан, сол кездегі алғашқы Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен оны ашып, керемет алаулатып-жалаулатып **неғылды**.
Онмыен қайтадан ашылды, жанадан тәртіппенен **неғылды**.
3. “Коронавирус қолдан жасалған вирус” Әкім Тұрсын
Бірақ мысалға Қытай айтты сен, Америкаға айтты сен жасап бізге жібердің деді, енді Америка осы күнге дейін сендер жасадыңдар деп қытайды **неғылды**, әшкереледі жаңағы.
4. НАРЫҚТАҒЫ КРИЗИС: ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК?
Екі жүз жетпіс миллион деген уайым, негізі, қатты қысып **неғылды** да, /и/ **INC** біз Мәкенмен деген оқуда, мысалы, аман есеп оқуда бірге өттік те, мінеcінде мен не, мен түсіндім қалай істеу керектігін, жасап түсінесін ғой, /вот/ **INC** сол кезде тыныштық кетті де.

1-сурет – Qazqorpara.kz іздеу нәтижесі.

Ал ауызекі сөйлеу тіліне тән осындай қолданыстардың негізгі легі мынадай (1-кесте).

1-кесте – Ауызекі сөйлеу тілі корпусы материалдарындағы қате қолданыстар

Ауызекі тілдегі нұсқа	Дұрыс нұсқасы	Бағдарлама / дереккөз
айналысватрм	айналысып жатырмын	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
айтад да	айтады да	Нартай Аралбайұлы (YouTube)

айтқызат та	айтқызады да	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
айттық қо	айттық қой	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
алыватырмыз	алып жатырмыз	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
болат	болады	Ашық алаң (YouTube)
айналысып атырған, жатырған	айналысып жатқан	Ашық алаң (YouTube)
айтпайт	айтпайды	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
айтам	айтамын	Уақыт көрсетеді (YouTube)
қаралып атқан	қаралып жатқан	Уақыт көрсетеді (YouTube)
ұрысыватыр	ұрысып жатыр	Ашық алаң (YouTube)
жатрм	жатырмын	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
дайындаватыр	дайындалып жатыр	Ашық алаң (YouTube)
келед	келеді	Ашық алаң (YouTube)
келеді да	келеді де	Ашық алаң (YouTube)
айналысватр	айналысып жатыр	Ашық алаң (YouTube)
құлайт	құлайды	Ашық алаң (YouTube)
бітірет	бітірет	Ашық алаң (YouTube)
диді ғо	дейді ғой	Уақыт көрсетеді (YouTube)
демейт	демейді	Уақыт көрсетеді (YouTube)
аяқталат	аяқталады	Ашық алаң (YouTube)
алып атырмыз	алып жатырмыз	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
отқаным	отырғаным	Уақыт көрсетеді (YouTube)
жетіп атқаны	жетіп жатқаны	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
араласад та	араласады да	Нартай Аралбайұлы (YouTube)
тоқтайт	тоқтайды	Ашық алаң (YouTube)
өтіватыр	өтіп жатыр	Ашық алаң (YouTube)
әзірленіватыр	әзірленіп жатыр	Ашық алаң (YouTube)
оқыватыр	оқып жатыр	Ашық алаң (YouTube)

Байқасақ, бұл қолданыстар қазіргі кезде тек ауызекі тілде емес, жазба тілде де (әлеуметтік желілер, whatsapp чаттар т.б.) осылай қалыптасып кеткен. Ауызекі сөйлеу тілі корпусындағы сөздерді талдау нәтижесінде қазіргі қазақ

тіліндегі бірнеше маңызды лингвистикалық ерекшеліктер анықталды. Бұл ерекшеліктер ауызекі тілде жиі кездесетін ықшамдалған, қысқартылған, сондай-ақ грамматикалық және стилистикалық ауытқуларды қамтиды.

Қысқартылған және түрленген нұсқалар: Көптеген сөздер ауызекі тілде қысқартылып немесе түрленіп қолданылады. Мысалы, «айтад» (айтады), «айналысватрм» (айналысып жатырмын) сияқты нұсқалар қазақ тілінің бейресми қолданысына тән құбылыс болып табылады. 2. Диалектілік және аймақтық ерекшеліктер: Кейбір сөздер белгілі бір аймақтарда жиі қолданылатын нұсқалармен айтылатыны байқалды. Мысалы, «айттық қо» (айттық қой) және «айналысватрм» (айналысып жатырмын) нұсқалары ауызекі сөйлеу тіліне тән, ал жазба тілде мұндай құрылымдар қолданылмайды. 3. Грамматикалық қателіктер және құрылымдық ауытқулар: Ауызекі тілде грамматикалық нормалардың сақталмауы кең таралған. Мысалы, «болат» (болады) және «айтат та» (айтады да) нұсқалары – бұл сөйлеу барысында жиі кездесетін қателер. Бұл ауытқулар көбіне тілдің бейресми қолданыста пайда болады және бейресми жағдайларда көрінеді. 4. Жаңадан енген сөздер, сленг және шеттілдік құрамдар: Ауызекі тілде сленг және шеттілдік кірме сөздердің жиі қолданылуы байқалды. Бұл қазіргі медианың, интернеттің және шетелдік мәдениет элементтерінің қазақ тілінің сөйлеу стиліне ықпалын көрсетеді. Мұндай элементтер қазақ тілінің ұлттық қолданысына әсер етуі мүмкін. 5. Лингвоэкологиялық мәселелер: Ауызекі тілдегі нормалардың сақталмауы және шет тілдік элементтердің артуы қазақ тілінің лингвоэкологиялық жағдайын қиындатады [15, 25-6.]. Әсіресе шеттілдік сөздердің бейберекет қолданылуы тілдік ортаға теріс әсер етеді және тілдің таза сақталуына кедергі келтіреді.

Қорытынды

Әлемдік тілдерге арналған ұлттық корпустардың құрылу тәжірибесі көрсеткендей, корпус толыққанды ақпарат беру үшін тілдің тек жазбаша емес, сондай-ақ ауызша сөйлеу формасын да қамтуы қажет. Тілдің ауызша формасынсыз корпус ұлттық тіл туралы толық ақпарат бере алмайды. Сондықтан көптеген елдерде тілдің ауызша қолданысын қамтитын арнайы ауызша корпустар әзірленіп, тілдік зерттеулерде қолданылып келеді.

Ауызекі сөйлеу тілі кіші корпусындағы осындай деректерді талдау нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасаймыз:

- Қазақ тілінің ауызекі сөйлеу қолданысында қысқартулар мен ықшамдалған формалар кеңінен таралған, бұл сөйлеу жылдамдығы мен бейресмилікті көрсетеді;
- Диалектілік және аймақтық ерекшеліктер қазақ тілінің әртүрлі өңірлердегі қолданыс ерекшеліктерін көрсетеді, бұл қазақ тілінің бай мәдени әртүрлілігін айқындайды;

- Ауызекі сөйлеу тілі грамматикалық нормалардан жиі ауытқиды, бұл қазақ тілін үйренушілер мен тіл мәдениетін сақтауды қолдаушылар үшін қиындық тудыруы мүмкін;

- Медиа, интернет және шетелдік мәдениет қазақ тілінің сөйлеу стиліне әсер етуде, бұл тілді бейімдеуге мүмкіндік берсе де, ұлттық тілдік нормаларды сақтау қажеттігін де көрсетеді;

- Қазақ тілінің лингвоэкологиялық мәселелерін шешу үшін тілдік нормаларды сақтау және шет тілдік ықпалды шектеу бағытында белсенді шаралар қажет.

Жиналған деректер қазақ тілінің ауызекі сөйлеу формасында жиі кездесетін өзгерістерді көрсетеді, соның ішінде фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктер бар.

Ауызекі тіл – бұл уақыт пен кеңістік тұрғысынан икемді, айтылған ойды сол қалпында қайта жеткізу қиын тіл түрі [12]. Ауызша тілде, ең алдымен, сөздер қысқартылып, ықшамдалады [13]. Мұндай үнемділік коммутанттардың интонация, ым-ишара, дауыстың ырғағы, жылдамдығы, мимика және затты көрсету сияқты паралингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарды қолдануымен байланысты. Сонымен қатар имплицитті мағыналар мен жалпы контекстке сүйену арқылы коммуникация толыққанды жүзеге асып, қоғамдық-әлеуметтік мән-мағына беріледі [12, 63-б.]. Осы ерекшеліктердің арқасында, сөздер арасындағы семантикалық байланыс күшейеді, сөйлемдер морфологиялық формалар мен шылауларсыз құралады, ал аналитикалық құрылымдар мен инверсия айтарлықтай жиі қолданылады. Осы ерекшеліктер қазақ тілінің ауызекі ішкорпусын сөйлеу тілінің формасын толық әрі табиғи түрде зерттеуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ оның фонетикалық және интонациялық сипаттарын анықтауға бағытталған маңызды құралға айналдырады. Қазақ ауызекі сөйлеу тіліндегі бұл өзгерістер тілдің табиғи эволюциясын, қоғамдағы өзгерістерді және коммуникацияның жеңілдетілуін көрсетеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Плунгян, В. А.** Почему современная лингвистика должна быть лингвистикой корпусов [Электронный ресурс]. – Polit.ru. URL: <http://polit.ru/article/2009/10/23/corpus/> (кіру күні: 29.09.2024).

2 **Фазылжан А.** Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу тәжірибесі / Жоба жетекшісі: Фазылжан А. – Алматы : ЖК Асыл, 2023. – 446 с.

3 Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусы [Электрондық ресурс]. – <https://qazcorpора.kz>

4 **Liou, H. C., Tseng, Y. P.** A Corpus-Based Study of Phrasal Verbs with Key Meanings in TED Talks // *English Teaching & Learning*. – 2022. – Vol. 46. – С. 395–415. – <https://doi.org/10.1007/s42321-021-00101-6>.

5 **Николаева, Ю. В.** Кинетические признаки структуры устного нарратива (корпусное исследование) // *Проблемы компьютерной лингвистики: Сборник научных трудов*. – Воронеж, 2010. – С. 203–221.

6 **Alam, F., Danieli, M., Riccardi, G.** Annotating and modeling empathy in spoken conversations // *Computer Speech and Language*. – 2018. – Vol. 50. – С. 40–61. – <https://doi.org/10.1016/j.csl.2017.12.003>.

7 **Mussakhøjayeva, S., Khassanov, Y., Varol, H. A.** KSC2: An Industrial-Scale Open-Source Kazakh Speech Corpus // *Proceedings of the 23rd INTERSPEECH Conference*. – 2022. – P. 1367–1371.

8 **Mısır, H., Işık-Güler, H.** «Be a Better Version of You»: A corpus-aided critical discourse analysis of MOOC platforms' marketing communication // *Linguistics and Education*. – 2022. – Vol. 69. – <https://doi.org/10.1016/j.linged.2022.101021>.

9 **Preston, S. D., Hofelich, A. J.** The many faces of empathy : Parsing empathic phenomena through a proximate, dynamic-systems view of representing the other in the self // *Emotion Review*. – 2012. – Vol. 4. – № 1. – P. 24–33.

10 **Зубов, А. В., Зубова, И. И.** Информационные технологии в лингвистике : Учебное пособие. – М. : Издательский центр «Академия», 2004. – 220 с.

11 **Svartvik, J., Quirk, R.** A corpus of English Conversation. – Lund : Gleerup, 1980. – 178 с.

12 **Крейдлин, Г. Е.** Голос и тон в языке и речи. – М. : Языки русской культуры, 2000. – 297 с.

13 **Захаров, В. П.** Корпусная лингвистика: Учебно-методическое пособие. – Санкт-Петербург, 2005. – 205 с.

14 **Ақшолақова, Р. К., Күзембекова, Ж. Ж.** Экожүйедегі тіл: эколингвистика // *Филология сериясы*. – 2022. – Т. (1)185. – С. 23–30. – <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph3>.

15 **Zhabayeva, S. S.** The cognitive semantics of language: Exploring linguistic aspects and the specifics of metaphoric representation // *Bulletin of the Eurasian Humanities Institute*. – 2024. – Vol. (3). – P. 23–30. [Electronic resource]. – <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/346/236>.

References

1 **Plungyan, V. A.** Pochemu sovremennaya lingvistika dolzhna byt' lingvistikoy korpusov [Why modern linguistics should be corpus linguistics]

[Electronic resource]. – Polit.ru. URL: <http://polit.ru/article/2009/10/23/corpus/> (accessed: 29.09.2024).

2 **Fazyljan, A.** Qazaq tiliniń ulttyq korpusyn ázirleý tájirubesi [Experience of creating the Kazakh language national corpus] / Project leader: Fazyljan, A. – Almaty : JQ Asyl, 2023. – 446 p.

3 Qazaq tili ulttyq korpusynyń bes kishi korpýsy [The five subcorpora of the Kazakh National Corpus] [Electronic resource]. – <https://qazcorporaz.kz>.

4 **Liou, H. C., & Tseng, Y. P.** A Corpus-Based Study of Phrasal Verbs with Key Meanings in TED Talks // English Teaching & Learning. – 2022. – Vol. 46. – P. 395–415. – <https://doi.org/10.1007/s42321-021-00101-6>.

5 **Nikolaeva, Yu. V.** Kineticheskie priznaki struktury ustnogo narrativa (korpusnoe issledovanie) [Kinetic features of oral narrative structure (a corpus study)] // Problemy kompyuternoy lingvistiki: Collection of scientific works. – Voronezh, 2010. – P. 203–221.

6 **Alam, F., Danieli, M., & Riccardi, G.** Annotating and modeling empathy in spoken conversations // Computer Speech and Language. – 2018. – Vol. 50. – P. 40–61. – <https://doi.org/10.1016/j.csl.2017.12.003>.

7 **Mussakhøjayeva, S., Khassanov, Y., & Varol, H. A.** KSC2: An Industrial-Scale Open-Source Kazakh Speech Corpus // Proceedings of the 23rd INTERSPEECH Conference. – 2022. – P. 1367–1371.

8 **Mısır, H., & Işık-Güler, H.** «Be a Better Version of You»: A corpus-aided critical discourse analysis of MOOC platforms' marketing communication // Linguistics and Education. – 2022. – Vol. 69. – <https://doi.org/10.1016/j.linged.2022.101021>.

9 **Preston, S. D., & Hofelich, A. J.** The many faces of empathy: Parsing empathic phenomena through a proximate, dynamic-systems view of representing the other in the self // Emotion Review. – 2012. – Vol. 4. – No. 1. – P. 24–33.

10 **Zubov, A. V., & Zubova, I. I.** Informatsionnye tekhnologii v lingvistike: Uchebnoe posobie [Information technologies in linguistics : A textbook]. – Moscow : Akademiya Publishing Center, 2004. – 220 p.

11 **Svartvik, J., & Quirk, R.** A corpus of English Conversation. – Lund : Gleerup, 1980. – 178 p.

12 **Kreydlin, G. E.** Golos i ton v yazyke i rechi [Voice and tone in language and speech]. – Moscow : Languages of Russian Culture, 2000. – 297 p.

13 **Zakharov, V. P.** Korpusnaya lingvistika: Uchebno-metodicheskoe posobie [Corpus linguistics : Educational and methodological guide]. – St. Petersburg, 2005. – 205 p.

14 **Aqsholaqova, R. K., & Kúzembekova, Zh. Zh.** Ekójúndegi til: ekolingvistika [Language in the ecosystem: ecolinguistics] // Filologiya series. – 2022. – Vol. (1)185. – P. 23–30. – <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.il.ph3>.

15 **Zhabayeva, S. S.** The cognitive semantics of language : Exploring lingua-cultural aspects and the specifics of metaphoric representation // Vestnik Evraziyskogo humanitarnogo instituta. – 2024. – Vol. (3). – P. 23–30. [Electronic resource]. – <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/346/236>.

07.11.24 ж. баспаға түсті.

03.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Д. Ж. Оспанова¹, М. Бақытқызы², Ж. Бахытбекқызы³, Ш. Тұрсын⁴

^{1,3}Национальный научно-практический центр
имени Шайсултана Шаяхметова «Тіл-Қазына»,
Республика Казахстан, г. Астана;

²Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;

⁴Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,
Республика Казахстан, г. Шымкент.

Поступило в редакцию 07.11.24.

Поступило с исправлениями 03.04.25.

Принято в печать 25.11.25.

ХАРАКТЕРИСТИКИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ЭКОЛОГИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ПОДКОРПУСЕ УСТНОЙ РЕЧИ

В данной статье анализируются особенности использования казахского языка в устной речи за последние пять лет. Устная речь представляет собой ценный материал, отражающий динамику развития языка и выявляющий лингвистические проблемы. В связи с этим исследование сосредоточено на языке, используемом в быстро расширяющихся медиа, таких как подкасты, радио и ток-шоу. Цель исследования – выявить современные особенности использования и лингвистическую экологию казахского языка на основе материалов устной речи в корпусе Qazcorpor.kz. Результаты подчеркивают, насколько соблюдаются языковые нормы казахского языка – такие как орфографические, стилистические и грамматические правила, а также выявляют типичные ошибки. Анализ включает орфографические, орфоэпические и транскрипционные варианты в устной речи. В исследовании применялись методы, основанные на

корпусе, включая статистические техники, технические методы поиска и отслеживания, а также методы сравнения, лингвистического анализа и описания. Основные показатели представлены в табличной форме, а результаты проиллюстрированы диаграммами. Кроме того, исследование охватывает частотность использования новых слов, сленга, заимствованных элементов, идиоматических структур и невербальных элементов, типичных для повседневного языка. В статье представлены прогнозы и рекомендации по вопросам, поднятым в ходе исследования. Исследование демонстрирует эффективность корпусных материалов и методов, основанных на корпусах. Также предлагаются лингвистические рекомендации по совершенствованию казахского языка с учетом культурных, социальных и региональных особенностей устной речи.

Ключевые слова: корпусная лингвистика, устная речь, подкорпус устной речи, лингвистическая экология, заимствованные слова, сленг.

*D. Zh. Ospanova¹, M. Bakytkyzy², Zh. Bakhytbekkyzy³, Sh. Tursyn⁴

^{1,3}National Scientific and Practical Center
named after Shaisultan Shaikhmetov «Til-Qazyna»,
Republic of Kazakhstan, Astana;

²L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana;

⁴M. Auezov South Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent.

Received 07.11.24.

Received in revised form 03.04.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE USAGE CHARACTERISTICS AND LINGUISTIC ECOLOGY OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE SPOKEN LANGUAGE SUB-CORPUS

This article analyzes the characteristics of Kazakh language usage in spoken contexts over the past five years. Spoken language serves as valuable material that reflects the dynamics of language development and highlights linguistic issues. Consequently, this study focuses on the language used in the rapidly expanding media of podcasts, radio, and talk shows. The objective is to reveal the contemporary usage and linguistic ecology of Kazakh based on the spoken language materials in the Qazcorpora.kz corpus. The findings highlight the extent to which Kazakh language norms – such as spelling,

stylistic, and grammatical rules – are observed, alongside identifying common errors. This analysis includes orthographic, orthoepic, and transcription-based variants in spoken language. Corpus-based methods, including statistical techniques, technical search-tracking methods, as well as comparison, linguistic analysis, and descriptive methods, were employed. Key indicators are presented in tabular format, with results illustrated in diagrams. Additionally, the study examines the frequency of new words, slang usage, borrowed elements, idiomatic structures, and nonverbal elements typical of everyday language. Predictions and recommendations relevant to the issues raised are provided. This research demonstrates the effectiveness of corpus materials and corpus-based methods. Furthermore, linguistic recommendations are proposed for enhancing the Kazakh language, taking into account the cultural, social, and regional characteristics of spoken language.

Keywords: corpus linguistics, spoken language, spoken corpus, linguistic ecology, borrowed words, slang.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz